

***Н. Ә. Қабдышев, Қаржы полициясы академиясының 1-бағам тыңдаушысы
Ғылыми жетекшісі: З. М. Шаукерова, Қаржы полициясы академиясының
әлеуметтік және экономикалық-құқықтық пәндер кафедрасының аға
оқытушы, экономика ғылымдарының кандидаты***

ЛИЗИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ӨНДІРІСТІ ДАМУДА ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстандағы лизинг ұзақ уақытты инвестицияларды тартуға бағытталған жалғыз перспективалық нысан болып табылады. Елдің экономикасын және нақты өнеркәсіп саласын дамуға лизингтік қатынастарды жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. Өзекті мәселені шешу үшін біз басқа елдердің экономикалық тәжірибесіне сүйенбей, экономикасы дамыған елдерде қолданылмаған жаңа және тың ойларды өндірістерде қолдануымыз қажет. Осындай өңделген жұмыстардың бірі ретінде біз өз мақаламызда ұсынамыз. Қазіргі уақытта жалдау және лизингтік қатынастар қатар жүріп келе жатыр, бірақ оларды тәжірибеде лизингтегі жалдау қатынастарының артықшылығы (немесе нақтырақ, лизингтегі уақытша жалдау қатынастары) ретінде жетілдіруге болады. Енді лизингтегі уақытша жалдауды қолдану артықшылығын қарастырайық. Айта кететін болсақ, қазіргі уақытта лизинг алушы кәсіпорын төлемқабілетсіз болса, лизинг жабдығы үш күн ішінде тартып алынады немесе басқа кәсіп-

орынға, яғни сублизингке беріледі немесе сатылады. Алынған жабдықтар лизинг берушінің пайдасына кетеді. Біз байқағандай, екі жағдайда да лизинг мүлкі үшінші тұлғаға беріледі, сондай-ақ лизинг алушының экономикалық жағдайын дамытуға көмектеспейді және мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Біз осы жағдайға байланысты лизингте уақытша жалдауды қолдану нұсқасын ұсынамыз. Бұл кезде жалдау төлеміне алдыңғы лизингтік төлемдер бірнеше тоқсанға бөлініп қолданылуы мүмкін. Соның ішінде ең бастысы кәсіпорынға өзінің экономикалық жағдайын көтеруге уақыт береді. Лизингтегі уақытша жалдаудың негізгі артықшылығы болып, лизингке алынған мүліктер лизинг алушыда қалады және өндірісті тоқтатпауға жағдай жасайды. Айта кетсек, лизингтегі уақытша жалдау лизинг алушы мен лизинг берушіге және мемлекетке де тиімді болады. Лизинг алушыға лизингтегі уақытша жалдауды қолдану тиімді болып табылады, себебі жабдықтар лизинг алушының меншігіне беріледі және өз өндірісін тоқтатпауға жағдай жасалынады. Лизинг берушіге де лизингтегі уақытша жалдауды қолдану тиімді болып табылады, себебі лизингке берілген жабдықтар үшін лизингтік төлемдермен қоса жалдау төлемдері де лизинг берушіге төленеді.

Мемлекетке де лизингтегі уақытша жалдауды қолдану тиімді болып табылады, себебі көптеген кәсіпорындар лизинг берушілердің қызметін пайдаланады және лизингтік компаниялардың саны өседі. Осының барлығы өндірушілердің санын көбейтеді, кәсіпорындардың өндірісін ұлғайтады, сонымен қатар, бюджетке аударылатын салықтар көбейеді және жұмыссыздық мәселесін шеше отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын көтереді. Лизингте уақытша жалдауды қолдану кезінде қосымша келісім шарт жасалынуы тиіс.

Қорытындылай келе Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 маусым № 78-ІІ «Қаржылық лизинг туралы» Заңына өзгеріс енгізуді ұсынамыз. Бұл заңның 24 бабының 2-бөлігі 3-тармағында былай жазылған: «Егер лизинг алушы лизинг шартына сәйкес лизингтік төлемді екі немесе бірнеше рет төлемесе, онда лизинг беруші лизинг затын өзіне қайтарып алуға құқығы бар». Біздің ойымызша, бұл тармақшаға «Егер лизинг алушы лизинг шартына сәйкес лизингтік төлемді екі немесе бірнеше рет төлемесе, онда лизинг беруші лизинг затын өзіне қайтарып алуға құқығы бар немесе лизинг алушы лизингтегі уақытша жалдауды қолдануға мүмкіндігі бар» деген қосымша енгізуді ұсынамыз.

Бұл мақалада қарастырылған ұсыныстар Қазақстанның экономикасын көтеруге септігін тигізеді деп ойлаймыз.